Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрлігі
Су шаруашылығы комитетінің
«ҚАЗСУШАР»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемкеттік кәсіпорыны

Республиканское государственное предприятие
на праве хозяйственного ведения
«КАЗВОДХОЗ»
Комитета водного хозяйства
Министерства водных ресурсов
и ирригации Республики Казахстан

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

29.08.2024 № Ѳ-433

Астана қаласы город Астана

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы» филиалының активтері мен міндеттемелері, таза активтері/капиталын «Қазсушар» РМК теңгеріміне қабылдау және «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіннің 42 бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 123 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы үкіметіннің 2024 жылғы 1 ақпандағы №58 «Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) және «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі – «Нұра топтық су құбыры» РМК) қайта ұйымдастыру туралы қаулысы негізінде қайта ұйымдастыруылына байланысты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 5 шілдедегі №489 бұйрығымен бекітілген тапсыру актісіне (бұдан әрі - Тапсыру актісі) сай, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бекітілген Тапсыру актісінің 6-қосымшасына сәйкес «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы» филиалының активтері мен міндеттемелері, таза активтері/капиталы Кәсіпорынның теңгеріміне қабылдансын.

2. «Нұра топтық су құбыры РМК «Арал салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы» филиалы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Сыр суы» филиалы (бұдан әрі - Филиал) болып атауы өзгертілсін.

3. Филиалдың қызметін жүзеге асыру үшін оған осы бұйрықтың 1-тармағына сәйкес Филиалдың жеке балансында да, Кәсіпорынның өзінің балансында да ескерілетін мүлік берілсін.

000835

4. Филиалдың Ережесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 47-бабының тәртібімен Нажмадин Шакизадаевич Шамуратов Филиалдың директоры қызметіне қайта бекітілсін.

6. Филиалдың директоры Филиалдың құрылтай құжаттарын, сондай-ақ қабылданатын жылжымайтын мүлік объектілерін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында мемлекеттік тіркеуді және қайта ұйымдастыруға байланысты өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бас директоры **Б. Кемелбеков**